

**Софы СМАТАЕВ,**
*жазушы, драмматург,*
*"Құрмет", "Парасат" ордендерінің иегері,*
*"Алаш" халықаралық әдеби сыйлығының*
*лауреаты*

# ШАХМИНАМ -МӘҢГІЛІК МАХАББАТЫМ МЕНІҢ

***Жалғасы. Басы №6-11 нөмірлерде.***

## Он төртінші тарау. Пандемия. Мерекелік кеш

Аруды сүю де керек, құрметтеп қадірлей білу де керек. Өйткені шыдай білу мен сынай білу - әйелге ғана тән тірлік. Төзімділікпен шыдай білуі - Көктен, Тәңірден тапқан қасиеті болса, сынай білуі - кеудесін қапқан өзімшіл қасіреті де ғой ұрғашы қауымының.

Жан жарыңның мөлтілдеп тамған көз жасынан өтер шешен тіл болмасын түйсінсең, шыдатамын деп арудың әсемдігінің шыңы - әлсіз момындығына салмақ сала көрме. Сынатамын деп әйел жанының мөлдір тазалығына, ғаламат төзімділігіне, кіршіксіз сезіміне озбырлықпен үстемдік жасай көрме. Сонда ғана әйелдік мәңгілік жұмсақтық - арманы асқақ еркекті биіктен биікке өрмелетер мықты өткелге айналады.

Қаламгердің жары болу - тән азабы мен жан азабын сезе білу және соған күйінумен һәм сүйінумен төзе білудің қасіреті мен қасиеті!

Сол себепті қол ұстасқан қосағын, сүйсіне сыйлап, исіне құрметтеу - еркектің мәңгілік парызы ғана емес, ғұмыр бойы өтей алмайтын салмақты қарызы. Өйткені әйел адамның еркектерге қарағанда азаматының сыртқы түс-көркінен гөрі ішкі күш, мәніне көбірек көңіл бөлетін асыл ізгілігі мейлінше артық-ау.

Сүйіктіңе айналған әйелден өтер сүйкімді ару болмайтынын жарыңның разылық танытқан жанарының жарқылынан көре білуге жетер бақыт жоқ қой.

Менің Шәкем дәл сондай аяулы жар еді, бақытты ана еді.

1975 жылдан 1985 жылға дейін Ғ. Мүсірепов атындағы 86-шы мектепте, 1985-94 жылға дейін А.Жұбанов атындағы музыкалық мектепте сабақ беріп, тәрбиеші болған Шахминамның Алмас, Манас, Жанарларын тәрбиелеп өсіруде еңбегі аса зор. Немерелері Жан, Марғұлан, Әнел, Алихандарды мәпелеп бағып-қаққаны өз алдына ұзақ әңгіме.

Марғұланын кішкентайынан жетектеп домбыра, скрипка үйірмелеріне апарып жүріп, тамаша скрипкашы етіп шығарып еді-ау. Әттең, немереміздің сол өнерін ұшпағына шығармай, тастап кеткеніне бүгінде қатты өкінеміз.

Тілі орысша шыққан Әнелін қазақ мектебіне сүйреп жүріп оқытып, түсте және өзі екі-үш сағат қосымша сабақ беріп, қазақшаға сайратып жіберіп еді.

Екі жарым жастағы кенже немересі екеуі қатарласып отырып алып, менің «Мейрамсопы-Қарқабат» атты кітабымды Алиханның қолына ұстатып қойып «оқуды» бастайтын.

Алихан әр бетті ашып. «Софы ата, так» деп, келесі бетті ашып, «Софы ата, так» деп қойып, кітап біткенше «Софы ата, тагімен» отыратын. Содан соң әжесі кітаптың мұқабасындағы суретті көрсетеді. Алихан «Ол - Шамоха!» деп тақ ете қалғанда, бәріміз қарқылға басып, жайраңдап қалушы едік-ау.

Шамоха-Шахмина ұстаз еді. Ұстаздан да бұрын ана еді. Ұлы ана еді.

Өмірдің жазы өтеді, күзі өтеді.
Уақыт өзгертеді, түзетеді.
Бәрібір Дүниенің тыныштығын
Аналар кірпік қақпай күзетеді.

Ойласа ұл, қызының жайы, күйін,
Жүрегі баяу ғана тыз етеді.

Шәкем, сен - ана едің. Жауыздықтың тас қамалын алатын Ана да болдың. Сәл қабақ шытсақ, жабырқай қалатын Ана да едің.

Анадан ардақты, анадан қадірлі, анадан асыл, анадан абзал ешкім жоқ. Сен сондай едің, Шәкем-ау.

Ананың тілегі - адамзат тілегі. Ол тілекте нұр барын дәлелдеп өтіп ең-ау. Ана жүрегі - әлемнің жүрегі. Ол жүректе сезім боларын өнеге етіп кетіп ең-ау, Шахминам.

Қайтейін-ай, сондай ана бола білген сен көз жұмғанда, жұмыр Жердің бір бәйшешек гүлі солды ғой, Шәкем-ау. Сол ана, сен ақтық деміңді, шығарғанда, тіршіліктің шуақты күні сөнгендей болды ғой, Шахминам-ау. Сол ана, сен пәниіңнен бақиыңа аттанғанда, асыл сөздің мөлдір бұлағы тартылып еді-ау, Шамым-ау!

Сол, ана, сен артыңдағы ақырғы қақпаңды жапқанда, мейірімнің жарық шырағы сөніп еді ғой, асыл жарым-ау!

Жүрекпен лүпілдеген, жалындаған,
Ананы Тәңір тұтып,
табынды адам.
Анасы маңдайынан сүйген ұлан,
Жау түгіл,
Құдайына жалынбаған.
Дүние астан-кестен болып кетіп,
Ананың құшағында дамылдаған.

Сен, Шәкем-Шахминам-ау, естелігімнің есігін ашып кіріп, мен есімнен танып ұлып отырғаным мынау.

Елді есеңгіретіп, жұртты жұт соққандай құрсауына алып панде-

мия жеткенде, әркім-әркім өз үйінің ошақ басында қамалып қалып еді. Шығар есік, кірер тесік қалмаған жамаулы көңілдің қамаулы күндерінде менің сексен жасым секеңдеп келіп қалғанын менен де бұрын Шәкем сезіп, тыпырши бастады. Екеуміздің тиын-тебен салатын қобдишамызды ақтарып, қаржы-қаражатты түгендеп санап, тойхананың жүз адамға қанша сұрайтынын білмек болып, жан-жаққа, маған білдіртпейін деп, аузын тұмшалап телефон соғып, әбігер боп жатқаны.

Ал мен ше? Мен де қарап жатпай шығармаларымның желісімен ғұмыр баяндық сценарий жазып, соны жастар театрында әртістермен қосыла өзім де әртіс боп ойнап, репетициядан соң репетиция өткізіп, мұрнымызға су жетпей жүргеніміз.

Қыланңдап атып, қырмызы көркімен 22-маусымның таңы атты. Мен тура сексенге толдым. Гүлден де қымбат құшағын ашқан Шәкемнің ып-ыстық жүрегіне ендім де кеттім. Кемпір-шал емес, сонау шап-шағын Киіктінің бірін-бірі ән салып, мұң шағып іздейтін бозбаласы мен бойжеткені болып табыстық. Бойжеткеннің көзіндегі қуаныш жасы бозбаланың кірпігіндегі шықпен араласты. Күлкіге толы күрсініс, күрсініске толы күлкі ақтарылды.

Сәске түсте Амангелді Ермегияев, Құсайын Омаров - екі інім корзина гүлін көтеріп жетіп келді. Астыма ат мінгізіп, иығыма құндыз жағалы шапанын жапқан екеуі жеңгелеріне де құндызбен әдіптелген камзол кигізіп, қолына конверт ұстатты.

Содан соң-ақ кішірек тойымыздың үлкен отырысы басталды да ду думанның көрігі қызып сала берді.

Кешінде Шәкем екеуміз оңаша қалдық.

- Сексенің туралы сегіз жол болса да, бірдеңе жазсайшы. Ертеңгі соңыңнан еретіндерге керек боп қалар, - деді Шахминам.

- Ал онда бастадым.

«Сексенге келдім. Сегіз асуға ендім» - деп Шәкеме жазғанымды көрсетіп едім.

- Дұрыс. Асудан аспай, енгенің де дұрыс. Осылай өнегеңді үлгі ете бер, Софыяным.

Мен ойланып отырып, төмендегі толғауымды төгіп тастадым.

«Артыма қарап марқайдым ба, алдыма қарап шалқайдым ба, білмеймін. Әйтеуір өткен-кеткенім ілестіріп ала жөнеліпті.

Бал күмісті күлкісі мен балалығымның бозторғайдың эуенімен арайлап атқан эрі ерке, эрі ерте таңына қызыққаным есімде.

Жалтыр төбенің төбесіне қызыл табақтай болып шаншыла қалған күнге қарай кең даланың қайыс таспадай қара жолымен құлдыраңдай жүгіріп, жалкындана шашыраған күннің найза-шапағына еніп кетердей әлдебір ынтықтырған үлпілдек сезіммен алып ұшқаным есімде.

Ал бүгін егделіктің сұрғылт та суық кеші еңсемді езгілей басып, жұлдызы жамырай тірілген бейуақтың қараңғылығына сүңгіте сүйрелеп барады. Кешегі ертегіге бергісіз бал балалықтың жалаңаш табанынан енген боздаламның борпылдақ топырағының жылуын да ұмыттырғысы келе ме, түн ызғарының қытымыр лебімен

өнебойымды құрсаулап орап ала қояды.

Қайран да кешегім мен сайраны аз бүгінгімнің кереғарлығы-ай! Ойсырай күрсінсең де, мынау кешіңнен сонау таңыңның тамсандырған тамашасын таба алмайтын тәріздісің. Зымырап аққан өзендей тамшылап тақырланған көлдей көзден бір-бір ұшқан күндерің жылға жалғасып, ұзап таусылуға тақау.

Ал сол күндер мен жылдардың мейірімсіз атауы - уақыт. Уақыттың бітті - мезгілің өтті.

Осыны талайлар айтқан. Талайлар әлі де айтады. Күліп жүріп жылап кететініміз неліктен екен? Қимайтынымыз нендей ғаламат? Құштарымыз қандай тылсым? Ғұмыр ма? Мүмкін, мүмкін.

Өйткені өлімнің өмірді түбінде бір алып соғары хақ. Соны азайған ғұмырыңның өлшеулі сағаты бітіп бара жатқанын секемденбей-ақ сезетін кәрілердің көз алдына сонау есерлі шақтың әсерлі кезеңі ес тандырған қызығымен де, жаныңды жалынға ораған қызуымен де, ынтықтырған жүрек дүрсілімен де мәңгіліктің қасқағымдай болып па, әлде қас қағымның мәңгіліктей ұзарып па, «Өмір!» деген атаумен көлденеңдей қалады. Құнықтырған сол өмірдің уы мен балын ішсең... алыстап барып сыңғырлаған әуені сыбырлап үзілетін қоңыраудын үніндей ақырғы ізіңді мөрлеген аяқ тықыры баяулап... баяу тықырлап талып басылады... Біржола!..

Ал кәрі жүректің зар тілегі: мынау Тірлік атты пәниден кетпеу ғана. Анау бар мен жоқтың шекарасынан әрі аттап өтпеу ғана.

Құдіретің жетер ме соған?!

Армысың сексенім.

Тосармысың, тоқсаным?..»

Жазып болып, Шәкеме ұсындым.

Шахминам асықпай оқып шықты да, бетіме біраз қарап отырды.

- Өкінішің де бар, өкпең де мол ой-толғауың екен. Тамылжыған таңымызға тамсанта еміренттің. Қыраулы кешімізге сығалата үңілттің...

Өмір-ғұмырға дәл өзіңдей ғашық жанды білмеймін.

Ал мен айтсам, қол ұстасып әлі-ақ тоқсанымызға да жетеміз. Күрсінімізді азайтайық ол үшін. Келісесің бе, Софыяным-ау.

- Келісем ғой. Сен қасымда сүйеу боп жүрсең, жүз жасыңның да төбесінен топ етіп аунап өтеміз ғой, Шахминам-ау!

- Е-е, осылай күйректік танытпай, арқырап өте берсейші, арғымағым-ау!

- Құралайым-ай! Күн-арайым-ай! Туар Айым-ай! - деп арсалаңдай еркелеп, құшақ жая бергем.

- Жарайды. Аптықпа! Сенің әлі репетицияң бар. Сахнаңды ұмытпа.

- Жақсы, Шахминам.

27-маусымға дейін тағы екі репетиция өткізіп, дәл сол 27-маусым күні Әуезов театрында ертемен прогон жасадық. Дайындығымыз ойдағыдай шықты. Сахна жабдығы түгелденіп, сахна экраны тексеріліп, қызу жұмыс жүріп жатты.

Мен бір сағатқа үйге келіп, тамақтанып, сағат үште үйдегі қонақтарды төрт машинаға отырғызып, қайтадан театрға оралдық. Пандемия қысып тұрғанына қарамастан тілектестерім есіктен кіре бергенімде қарсы алып, фойедегі

суретімнің қасында, бірінен соң бірі мені жібермей суретке түсіп жатты.

Сол 2021 жылы әртүрлі саладағы мереке иелері - юбилярлар көп екеніне қарамастан, короновирустың ылаңын ескерген жоғарғы жақ екі адамға ғана - О.Сүлейменов 85 жылын, маған 80 жылдығымды театрда өткізуге рұхсат берген болатын.

Спектакль жақсы өтіп жатты.

Күншілдер мен міншілдердің кекетуі, мұқатуы ал кеп гулесін. Түстұстан, жан-жақтан коршап алған бақастар мен бақталастардың ортасында қалған автор Сматаев арс-арс еткен әлгілерге алғашқыда қорқа, үрке, шошына қараса, енді міне жылдар жылжып, бір шекеден тәкаппар сүспен, өз биігінен төмендегі шәуілдегіш тобырға өктем қарап тұр.

Әй, жазғышым, тірімісің,
бармысың?
Тыпырлай ма торға түсіп ар
құсың.
Жүйрігіңді көздеп атып құлаттық,
Күншілдердің жендет қы-лып
қарғасын Ха-Ха! -
деп шыжбалаңдаған екіншісі қағып әкетіп, қиралаңдай көтеріп жатыр.

Бэйге алам деп қышымасын иегің,
Мықтап жаққам
қап-қарасын күйенің.
Саған ешбір атақ, сыйлықтимейді,
Қуарғанша азып-тозып сүйегің,
Ха-Ха-Ха! - деп безілдегенде, үшіншісі қанденше шәңкілдеп келіп, тым жақындай алмай, өксіктей өкінішін өзегінен төгіп тұрғанын өзі де сезбей, өршелене үріп жатыр.

Бұл өмірден түк көрместен өтесің,
Боздайсың ба, өшесің бе,
не етесің.
Мынау берік шебімізді жеңе алмай,
Итжемеде азып-тозып кетесің.

Соңымыздан сүмірейе ілесіп,
Ұстайсың тек қатқаныңның шекесің.
Ха-Ха! - деп шуылдаған кезде, сахна төрінен Қарқабат ананың елесі жарқ етеді.

Жоғал өңшең шәуілдегіш күншілдер!
Мінездіден мін аулағыш міншілдер!
Түсесіңдер қақпанына қарғыстың
Әділет дер түсайды әлі бір шілдер!
Енді Анам, ұлы Анам
маған назарын аударады.
Қиналсаң да, ұлым,
зорлық жұтынып,
Күтеді алдан алыс арман, құт үміт.
Халқың бар да қабақ шытып,
қайғырма
Мұң шырмаудан босанасың,
құтылып.

Жаз, ұрпағым, қанға
малып қаламды,
Даудан - ерді.
Жаудан қорғап Даланды.
Тауарихта сен қаласың мәңгілік
Олар емес,
Ел береді бағаңды!
Арқаландым. Марқайдым.
Мерейлендім.
Қараймын ба шәуілдегіш үргенге,
Жатпас жігер
кеудемдегі түрмемде.
Кітаптарым жарыс
тілеп жұлқынды,
Ауыздық сап,
қос тізгінін түргенде.

Кеттім самғап, әділетке иланып,
Тоғышар боп отырмастан
күй бағып.
Буып жатты құдыреттің толғағы,
Туып жатты
«перзенттерім» қиналып.

Шәуілдегіштерім тоз-тоз боп жоғалды. Сахнада екі көзім шоқтай жанып, айтыс-тартыстың жеңімпазы болып жалғыз өзім жадырап тұрмын. Жалындаған жанарым қарсы алдымда бірінші қатарда отырған жан жарыма түсті. Ол да менің жеңісімнің жемісінің дәмін татып, рахат күй кешіп отырғанын сездім. Сездім де, енді Шәкеме сыр-жырымды ақтарып кеттім.

Демеушім-ау, жебеушім-ау,
жұбайым,
Мен жыласам, шаттықтан
тек жылайын.
Өзің бар да жас баладай мәпелер
Нұрға толып өте берер жыл, айым.

Сыны кетпес
сұлуым-ай, сыңарым,
Өзің ғана - қасиетті тұмарым.
Жанарыңның жылуынан сауығып,
Арта түсер пейіліңе құмарым.

Болашаққа бірге аттап өтейік,
Ақ арманға қол ұстасып жетейік.
Адырса да тәніміз бен жанымыз
Махаббатты ауырмастай етейік!

- деп сахнадан төмен түсіп, Шахминамды құшағыма алдым. Ал риза болған жан жарымның жанарынан өзімді көріп едім сонда. Енді еріксіз әндетіп қоя беріппін.

Шахмина, мына тойың
құтты болсын,
Денсаулық екеумізде, айдай,
мықты болсын.
Сипаған саусақтарың
шипам болып,
Қаламым шығармама, айдай
жүкті болсын, а-ай.
Шахмина-а, қа-алқам!
Тұрғаным менің ән сап, айдай.
Сенің арқаң, а-ай!
Ша-а-ах-мина-а!

Еміренген, елжіреген екеумізге өре тік тұрған залдағылар да, сахнадағы әртістер де ұзақ қол соғып, мәртебемізді шарықтата көтеріп еді-ау. Сол көп тілегі төбеміздегі Тәңірдің көк тілегіндей болып, бақыт бесігіне бөлеп, тебіренте тербетіп еді-ау екеумізді Шәкем-Шахминам менің. Құшақ-құшақ гүлдердің ортасында қалып едің-ау, Шамым менің.

Көптің көңілі, жұрттың ықыласы асып төгіліп, тәп-тәтті, жып-жылы толқынына тоғытып, үйіріп әкетіп еді-ау!

## Он бесінші тарау.
## Коронавирус ылаңы

Елінің ғаламаттығы ерінің құдыреттілігімен ғана жасалатынын арудың мөлдіреген көзімен, әйелдің ақылды сөзімен ғана сезінуге болатынын болжаймын. Ал шын мәнінде данышпан болу үшін күнделікті өмірде әйел жүзінен гөрі жүрегінен көбірек есетін сұлулық пен нәзіктікті сезе білген қарапайым қалпыңнан айнымауың керек шығар.

Шәкеме 2015 жылдың шілде айында 5 тамызда алтын тойымызды жасайық деп құлаққағыс білдіргем. Шәкем ойланыңқырап қалып басын шайқады.

- Софыяным, сенің қырық тоғыз жыл бесінші тамызда ертемен маған ұсынып келген шоқ гүліңнен артық қандай құрмет керек. Сол гүлің - сол күнімнің жайнаған көркі, жалындап атқан таңы, тойымызда айтылған жастардың әні боп кеудеме құйылып, ой, бойымды шымырлатып қуаныш боп енетін. Елуінші

раушаныңмен еңсеңді тіктеп, баяғы бозбала күніңдей еңкеймей енсең, содан артық той болар ма. Босқа шабылып қайтеміз, - деп ажарлана берді де, мені өкпелеп қалмасын дегендей сөзін жалғады. - Той әрине керек. Менің алпысымды Әнел кафеде өткіздік, қандай рақат күй кештік. Жетпісімді тойханада өткіздік. Күнсұлу актриса тамада болып еді ғой. Сондағы сенің, балаларым мен немерелеріміздің қуанғаны есімнен кетер ме. Құрбы қыздарымның, құда-құдағиларымның, туысқандардың жылы-жылы лебіздері әлі күнге құлағымда. Соның бәрі сенің арқаң.

Шәкемнің осы сөзі есімде қалыпты. 25-маусымда той жабдығымен абыр-сабыр боп, келген қонақтарды әр бөлмеге жатқызып жүріп, түнгі бірде душ қабылдайын деп төменгі цоколь (жартылай подвал) қабатқа түсіп бара жатып, сүрініп жығылып, тобығы бильярдтың аяғына соғылып, жарты сағат тұра алмай отырып қалған. Содан еңбектеп сатыдан көтеріліп, еңбектеп қасыма жеткен-ді. Тұзды суға аяғын салып, өзімше ем-дом жасаған болдым.

Ал Шәкем болса, аяғының ауырғанына емес, жүре алмай, маған ере алмай қалатынын уайымдай бастады.

- Ештеңе етпейді. Үш аяқтап таяқ ұстап ілесесің, - дегенімде күліп жіберді.

- Үш аяқтап келе жатқан кемпіршалды қара дейді-ау көргендер.

- Айта берсін. «Күлсең - кәріге күл» дейтін қазақтыз. Үш аяқтасақ та, екі аяқтылардың көбісінен артықпыз. Менің тойым өткен соң, қыстағы сенің тойыңа дайындаламыз.

- Жо-оқ, сенің тойың - менің тойым. Сен бөлектенбе өйтіп, Софыяным-ау! Сеніңтойың асқақтап өтсе, мені аспандатып әкетерін ұмітпа, - деді тобығын таңып жатып.

28 және 29 маусымда Астанадан, Атыраудан, Балқаштан, Қарағандыдан, Мойынтыдан келген қонақтарына шапан, камзолдарын кигізіп, риза қылып шығарып салып еді. Содан Шәкем «Қатты шаршаппын!» деп төсегінен бас көтермей екі күн жатты.

Шілденің екісінде ертемен тұрып келіп, маған шай жасады. Үстелдің екі жағында отырған екеумізге де ас батпады.

- Шахмина-ау! Менің мазам болмай отырғаны. Емханаға барып келейінші, - деп Алмастың машинасымен тартып кеттім.

Емханада ковид жұққызғанымды анықтап беріп, алды-артымақаратпай жұқпалы аурулар ауруханасының қаланың сырт жағындағы филиалына жедел жэрдем машинасы алды да кетті.

Ертеңіне тәжтажалмен ауырған Шәкемді қасыма экеліп жатқызды.

Екеумізді де әкетіп бара жатқан ауру жоқ еді. Ковидтің емі - су іше беру жэне қозғалыс, жүру дегенге сеніміміз күшті. Шәкем екеуміз маскамызды киіп алып, ұзын дәлізде, қолтықтасып ерсілі-қарсылы «серуендейтінбіз». Аурухана жаңадан салынып, төсек жабдығы жарасып, керек-жарағы сай болғанымен, медицина қызметкерлерімен қамтамасыз етуі ақсап жататын. Оның үстіне өз атына, өз лауазымына, өз туған күніне таусылмас демалыс күндерін белгілеген елбасының алтыншы шілдеде өтетін туған күнін тойлау төртінші шілдеден

басталып, ауруларды төрт күні бойы волонтер-санитарлардың қарауына қалдырып кеткен еді. Сол төрт күнде Үнді штамы дейтін ковидтың бір түрі шабуыл жасап, біздің ауруханада жатқандардың тең жартысын шарпып кеткен көрінеді. Соның бірі - менің Шахминам болған еді. Қызуы көтеріліп, жөтелі басталған жұбайымды жан сақтау бөлімшесіне алып кетті де, бес күннен кейін қайтадан қасыма әкеліп жатқызып, бір аппаратқа қосып қойды. Бұл екі арада ұлым Алмас па тәжтажалмен ауырып, қасымызға келген еді.

Әртүрлі естелікті еске түсіріп, ауруымызды ұмытып кеткендей де болушы едік-ау. Әңгіме ауаны бір сәт өзіміздің алтын ұямыз - Киікке (Киіктіге) оралған-ды. Киіктің әктасын (известнягін) қопарып алатын «Жүндітөбені», ауылды тіліп өтетін Мойынты өзенін (оны жергілікті адамдар Қарасу деп атайтын), тілге тиек етіп біраз өңіміз кіріп, еңсеміз көтеріліп қалған-ды.

Киіктің ежелгі аты - «Ақжартас», ауылдың іргесіндегі «Қос келіншек» («Ақ келіншек», «Қара келіншек») тауларын жарыса айтып, Шәкем екеуміз кәдімгідей жарасып қалған да едік.

- Сен осы Киікке бір өлең арнасаңшы, - деген Шәкемнің уәжіне бас изеп, сол күні осы өлеңді жазған едім.

Мәтінім әнге сұранып тұр ма, білмеймін. Бірақ ән жазылғанын қалаймын. Ол ән - Шәкемнің аманатындай болар еді ғой.

Қайран Шәмші, Әсеттер-ай! Сендер тірі болсаңдар... Өкініп, өкси беріп қайтейін. Мүмкін Төлеген Мұхамеджанов, әлде басқа бір сазгер көз қиығын түсіріп те қалар.

(Ал мен Шахминамнан айрылып қаларымды білмедім ғой сонда)

Киігім - Киіктім
Таңмен бірге кірпігіме мұңды іле,
Терезеден үңілуші ем «Жүндіге»
Топырағына табанымды жалатып,
Қондырушы ем жанарыма Күнді де.

Қайырмасы:
Қанат қағып ұшқан ұям - Киіктім,
Жүрегімде ұйып қалған сүйіктім.
Өзіңде өскен ұл-қызыңа мәртебең
Ақ пейілді мейріңмен биік тым.

«Қос келіншек» - жатқан тарих,
жатқан мұң,
Қарасудан - дана судан татқанмын.
Бабаларым қарсы атылып
шапқанда,
«Ақжартасқа» қаны тамған
жаттардың.

Қайырмасы:
Сен - Анамдай, балаң - сендей,
Киіктім,
Әлемдегі ардақтым һәм сүйіктім.
Шартарапқа шырқап
кеткен ұл-қызың,
Сенен ұққан асқақтығын биіктің.

Басқан кезде соғыс өрті жер үстін,
Қара нанды Балқашпенен
бөлістің.
Әктасымен мыс зауытын тірілтіп,
Қарсы алғанбыз шерлі
күнін жеңістің.
Қайырмасы:
Арманымның ну орманы Киіктім,
Сенде ғана көк апан мен биік Күн.
Жанарынан жаныма
нұр құйып жүр,
Жанымдағы сенде туған сүйіктім.

Ыстық едің, Киіктім-ау, не деген,
Өзегіммен өзектескен өнегең.

Көзімді алмай өтем қимай поезбен,
Әке-шешем жатқан анау төбеден.

Қайырмасы:
Қанат қағып ұшқан ұям - Киіктім,
Сенде татқам дәмін
қызық, күйіктің.
Өзіңде өскен ұл-қызыңа мәртебең,
Біздер үшін Алатаудан биік тым.

Тосса-дағы қанша бақыт,
қайғы алдан,
Қанжарыңбыз біз солармен
қайралған.
Қай қиырдың суын ішіп жүрсек те,
Кіндігіміз, Киік, сенде байланған.

Қайырмасы:
Киігім-ай! Сенен ғана Киігім,
Жұтқам қанбай ән саумалын, күй үнін.
Сенен тапқам
жүрегімді жұлқынтып,
Жалт қараған қара көздің киығын.

Өлеңді жазып болып, Шәкеме оқып бердім. Бір жасыл тамшы жанарынан үзіліп түсті.

- Мынандай жыр... жыр емес-ау сыр арнаған Киіктімде не арман бар. Жеткізіпсің нәріңді де, жаныңды да, - деп сәл күлімсіреп жатып, қолымды жайлап қана қысты. - «Жаныңа нұр құйып жүрген сүйіктіңнің» де алғысын қабылда, Софыяным.

Сол күні екеуіміз тым бақытты едік.

* * *

Аурухананың дәмсіз, нәрсіз тағамына жоламай, үйден алдырған қазы мен жаядан жеп, шұбат пен қымыз ішіп мен аздап бері қарай бастадым. Ал Шәкеме қанша жалынсам да ет пен шұбатқа ернін де тигізген емес. Санитарлардың қасықтап ішкізген көжесінен аздап ұрттайды да, бас көтерместен жата береді.

Түн ортасында әлгі қосылған аппаратурасы безілдеп ала жөнеледі. Сатурация дей ме, бірдеңесі тоқсаннан төмендеп кетіп, әлгі немесі бажылдап көмек сұрайды екен.

Алмас екеуміз етпеттеп жатқан Шәкемнің арқасынан алақан қырымен жайлап дүрс-дүре шабақтай береміз. Сүт пісірімдей уақытта әлгі цифр тоқсан екі, тоқсан үшке жетіп, безілдеген аппаратураның үні өшеді. Жанталасқан үшеуіміз уһ деп тыншыған боламыз.

Бірде таң алдында Шахминамның жотасын шапақтап тұрғам, жұбайым бетін сәл бұрып, бетіме қарады.

- Шаршадың-ау, Софыяным менің, баршы, жатшы-ы тө-се-е-гі-іңе, - дегені.

Ауырып, қиналып жатса да, маған деген аянышы көмейінен үзіліп-үзіліп шыққан еді.

Он жеті күн бірге емделіп, бірге қиналып, бірге жаттық. Он сегізінші күні бөлімше меңгерушісі Алмас екеумізді үйге шығарды.

-Ағасы, еш уайымдамаңыз. Құдай қаласа, төрт-бес күнде жеңгейді де үйге қайтарамыз, - дегеніне кәдімгідей сеніп, Шәкемнің еңкейіп, маңдайына ернімді тигізе бердім. Шап беріп мойнымнан құшақтай алған Шахминам бетімді бетіме жапсырып жібермей қойып еді... Сонда енді қайтып көріспейтінімізді іштей сезіп жатты ма деп, осы жолдарды өксігімді баса алмай әрең жазып отырмын.

Арада бес күн өтті. 26-шілдеде, түскі төртте телефоннан «Шәкемнен айрылдық!» дегенді естігенде, төбемнен жай түсті. Тұра беріп, сылқ құладым. Сол жақ құлағым

тарс бітелді де қалды. Содан бері ашылған жоқ. Аңыраған даусым ба, еңіреген жүрегім бе, шыңғырған жаным ба, білмеймін, өзегімді өртеген өрт-жалын дерттің құағына күмп еттім.

Ковидтің бір жаманы, қайтыс болған жақын адамыңды бір күн үйіне түнетуге де жібермейді екен. Ертеңінде сәске түсте жедел жәрдем көлігі орап әкелген жан жарымды өзі шаң жуытпай, сипап сыпырып отыратын ауласына бір сағаттай жатқызып жаназа намазын шығарттық. Ботадай боздап жүріп Кеңсайға апарып мәңгілік мекеніне тапсырып қайттық.

Сен - жас едің,
Жауқазын едің жайқалған.
Мен - мас едім,
Буымен серттің шайқалған.
Сен - ән едің,
Сезімге мөлдір оралған.
Мен жан едім,
Өртеніп соны айта алған.

Қос бұрымың -
Қос жолдай қашқан ерінбей,
Далаға әсем.
Нұр берген таспа өрімдей.
Жосалы сайға жол түскен сайын
Құмартам,
Өзіңе біткен қып-қызыл
Жұмсақ еріндей.
Сен - әсем ең,
Әсерің жанды улаған.
Мен - жүрек ем,
Бұлқына шоршып тулаған.
Феникс сынды
Өртеніп жанып жалында,
Өзіңе деген
Ынтызарымен туды адам.

Сен - гүлім ең,
Аялап, баптап өсірген.
Сен - күнім-ең,
Шуағың бойда есілген.
Жанымды жайлап,
Қырмызы қызыл қуаныш,
Таңымды тапқам,
Сен бар да суық кешімнен.

Табыстық мәңгі,
Өмірге сонша құмартып.
Кең еді Дүнием,
Тарылды бүгін мұнартып,
Кете де бардың,
Жетім қып мені қалдырып,
Қайғыңа көміп,
Кеудеме өшпес мұң артып.

## Он алтыншы тарау.
## Ішінде қалдым күйіктің

Елді де, Еділ де алғандайісіп-кеуіп есірген «мықтыларымның» бәйгеге қосқан жүйріктерімді он бір рет құлатқанына, Қазақстанға еңбек сіңірген қайраткерлігіне 13 жыл қатарынан ұсынылып, сол кім көрінгенге берілетін атақты маған қимайтынына етім үйренгені сондай Шәкемнің: «Софыян-ау, олар сені құлатпаса, ой түбіне үңілер ме едің. Мынау тиянақсыз, байлаусыз тірліктен кей-кейде түңілер ме едің. Қаламыңа құдай қажыр бітіргені сол үңілуің ғой» дегеніне өзімді өзім тоқтатамын. Тоқтатам да бұрын «бірдің мұңлы арманы елдің құнды арманының жолына құрбандыққа шалына алса армансыз ғой» деп жұбаныш табушы ем. Бүгін Шахминамнан айрылғалы ештеңеге елеңдемес мәңгүрт шалға айналып жүріп, жұбайымның тойханада қырқын да өткіздім.

Дәл сол күні кешінде үйімнің ауласында меңіреу халде мең-зең

боп жүріп әлде бір темірге сүрініп мұрттай ұшып, екі қабырғамды сындырып алғаным.

Ковидтен әлі арыла алмай жүрген мені сынған қабырға ісік жайлаған өкпеге зиян тигізеді деп ауруханаға жатқызды да тастады.

Травматологияның төрт кісілік палатасында ыңырсыған, байбайлаған, жаны шырылдап бебеу қаққан ауруларының арасында жатып, көзім ілініп кетсе, Құдай-ау, көрмейтін түсім болсайшы.

Алай-түлей Арқаның бора-нында адасып жүрем. Адасып жүрген жерімнен авиашанасымен Тоқтар Әубәкіров інім құтқарып алып қалады. Енді бірде таудай толқындарымен қақпақылдап лақтырған теңіздің тереңіне кетердей кезде катерімен жеткен Мұхтар Мағауин (бір кездегі көршім ғой) қол созып, желкемнен тартып, катеріне мінгізіп алып кетеді... Ала-күлес түсімнің бәрінде шыбын жанымды шырқырата бүрген азуы алты қарыс Путиннің сақ-сақ күлкісі шекеме шарт-шарт соғылып, есім танып бара жатқанымда... Шәкем, менің құдіретті Шахминам Путинді тымақтай жұлқып лақтырып жіберді. Лақтырып жіберді де:

- Тобыңнан, көбіңнен ажырама. Жалғыздың жалмауызы көп болады. Халқыңмен табыс! - деп елеске айналып, жоқ боп кетеді.

Сол түстерден әсте-әсте айығып оянам. Оянам да «ел - аулақ!, Мен
- саяқ!» деп өзімді өзгелерден оқшаулағанымды жұбайымның сездіргеніне бас изеймін. Содан соң бүгінгі ең құнды ел арманы
- аш-жалаңаш жүрсе де, өз мұңы мен өз еркі өзіндегі тәуелсіздігі анау Путиннің империяшыл темір тұзағында тұншығып өлмеуі екенін күрсіне болжаймын. Соған жеткізбесек деген ел арманы - менің де арманым болса екен.

* * *

Ғұмыр - тағдырдың жазуымен бе, әлде Алланың бұйрығымен бе пендеге тартылған үлкен сыйлық. Кейде кеудеңді әлдебір қуаныштың толқыны тербегенде: «Құдай-ау, мынау жарық Жалғанның шымылдығын түргізіп, бар мен жоқтың арасынан суырып әкеліп, осыншама тылсымның жұмбағын шешкізіп, түк ұқпас хайуан етпей, адам қылып жаратқаныңа мың мәрте шүкірлік етем!» деп жер-дүниені жаңғырта дүрілдегің бар.

Ал кейде жазықсыз жапа шегіп, көкірегіңді зіл басқанда: «Мына сұм тірлікке сүйретіп әкеліп, соншама сорлататындай не жазып едім саған, қу Құдай!» деп өз маңдайыңды өзің тоқпақтай жылайтының бар.

Сондай халімді тез танып қалар Шәкем қасыма келіп: «Жә, жасыма босқа! - деп арқамнан қағатын.

- Неге жасымайын. Бір жылдай ғана Мәдениет министрі болған Дархан, Мыңбай: «Сматаевты мемлекеттік БАҚ-қа жолатпаңдар!» деп қаулысын шығарып, мені газет, журналдардан ажыратып қойды ғой.

Одан кейін келген Арыстанбек Мұхамедиұлы деген министрі Республикалық, облыстық театрлардың сахналарында жүріп жатқан менің барлық спектакльдерімді алғызып тастады ғой.

Соңғы отыз жылда мемлекеттік баспалардан менің бір де бір кітабым жарық көрген жоқ. Сонда менің

жазған-сызғаным қазағымның, халқымның, оқырманымның кеуде-сіне сіңбей, құлағына енбей жатса, менің қаламгер екенімді кім біліп, кім ескерер. Айтшы, Шәкем-ау, БАҚ-тан, театрлардан, баспалардан айырған мені сонда халық жауы санағандары ма? Елім, жұртым деп «Елім-айды» жазғаныма кінәлімін бе?

Шәкем ұшып кете жаздап шырылдады.

- Жо-жоқ, Софыян! Көзіңнен ұшқын қашпасын! Сергітер сезімің азаймасын! Сөзіңнің дуасы жоғалса, ақиқаты кемісе, тәлтіректеген рухың бұрынғыдай шоқ шашыратар жыр жолдарын бұрқыратар ма. Зарыңның сөзін төрдегілерің қабылдамаса да, арыңның сөзін төмендегілерің құлағына ілер. Ілер! Ұйқыдағы марғау жұртыңды сен оятпасаң, кім оятады?

Ұза-ақ күрсіндім. Осыдан кейін де ғұмырды өлшеусіз сыйлық дей алармын ба?..

Ал Шәкем... Сілкіп-сілкіп алады-ау ой мен сойыңды шарасыздықтың шаң-тозаңы қапқанда.

* * *

Ілбіп, жылжып 2021 жылдың жетінші желтоқсаны да жетті. Бұл күн - тірі болғанда Шәкемнің сексенге толып, ұланасыр той жасар күні еді-ау. Жиырма шақты туыстардың басын қосып дастарқан жайдық. Әртүрлі әңгімелердің басын құрап, естеліктерге бойладық. Күлкінің арғы жағында күрсіністің сығалап тұрғанын сезсек те, езу тарта күлген болдық. «Шахминамның жақсы көретін қуырдағы ғой» деп табаққа қасық салдық. Өзінің туған күніне сақтап жүрген соғымның соңғы қазысынан ауыз тидік.

Дастарқан жиналды. Жұрт тарқады. Мен кәрі дос қаламыма жармастым.

Құрметке тоймас, қошеметке жерік шекірейген шенеуніктер мен ақиланған әкім қаралар сатып алған атақ лауазымдарын әрең көтере талтаңдап, құдайымсып күн өткізумен әлек. Солардың ар мен иманды адалдық пен әділдікті саудалайтын кекек-секек қимылынан, қайқаң-жайқаң жүрісінен әбден тозып біткен елдің сиқын жазғаннан не өндірдім деп қаламымды өз кеудемнің қанына малып алып, Шәкемді жоқтау-сарнауымды аңырата жөнелдім.

Гүл сезімді біл сезініп жаныңмен,
Жүрек сөзі құдыретті бар үннен.
Жүрегіңнің ұяң ғана лүпілін,
Сүйіктіңе жеткізерсің әніңмен.

Қайран ару сайран дала сазымен,
Күлкісімен, еркін, ерке назымен.
Еркімді ұрлап, ертіп мені барады
Әлі күнге саржайлаудың жазымен.

Әсерімді нөсерлеткен әсемім,
Дуылдап қан, лебіңнен есер үн.
Бал көмейдің білмеппін-ау, білмеппін
Бар әлемнің бар
тылсымын шешерін.

Раушан гүлдің ғажабын-ай исінің,
Сол иістен сені іздейді түйсігім.
Шыбын жаным шырылдайды
таба алмай,
Безектеумен саусағында күйшінің.
Таңым болып атпап па
еді сол күнім,
Қуаныштың күлкісіне толды үнім.
...Бүгін енді күлкі түгіл жымию
Өзің жоқта, Шахминам-ау
болды мұң.

Күміс күлкің бал көмейден төгіліп,
Жанар нұры дән боп жанға егіліп.
Кетіп еді-ау, айрылып қап бәрінен
Тоз-тоз болып,
жыртылдым ғой сөгіліп.

Түк ойлатпас қамсыз,
мұңсыз жастықтың,
Шадыманы шарықтатқан
мас қып тым.
Жүйрік ғұмыр тастап кетіп артына
Өкініш пен өксік
толы жас жұттым.

Жұлдыз сүңгіп, үңгіп
жатыр айдынды,
Іздейді екен ол да
мендей қай-мұңды?
Ақ айдынға аппақ төсің жалатып,
Сен кеткенде, мен
құшқанмын қайғымды.

Симаушы ем-ау
Жер түгілі Аспанға,
Бал еріндi сорып қаным тасқанда.
...Симас жерге сиып кетіп жүрмін ғой
Сол жүректің
ыстық қаны қашқанда.

Өзің түгіл көлеңкеңе құмартып,
Кейде ішке, кейде түске мұң артып.
Табынушы ем,
Орап тастап өксікке
Кете бардың сағымдай
боп мұнартып.

Алтыным ең,
Гауһарым ең, күмісім,
Ғұмырым ең
Сен деп соққан тынысым.
Жарқ еттің де, жалт еттің де
Жоғалдың,
Жұмақ еді-ау,
Тамұқ болып тұр ішім.

***7-желтоқсан 2021 жыл.***

* * *

Тоқ адамның аш адаммен амандаспайтынын білсем де, жоқ адамның бар болып төрде отыратынынан мүлде хабарсызбын. Әйтпесе төбедегі қос президенттен, қалғып мүлгіген әкімдер мен мелшиген министрлердің біреуінен көңіл айтқан жұбату сөз естімедім деп ренжімес те едім ғой. Солар бүгін дөңкиіп төбе болып отырғанымен ертең-ақ жоқ болып құрып кетерін неге ойламайды екен.

Ал барымды бермей, тиесімді ұстатпай мені жоқ қылып келгендердің ертең менің Мәңгілік бар болып, тұғырыма қонарымды қалай ескермейді екен деп қайғы ойлатқан карттықтың бір өкінішін ғана айтып өтейін.

«Жақсылық ұзақ тұрмайды. Жамандық әр кез тозбайды» деген Абайдан асырып айта алмаспын. Әйтеуір әр кезде тозбайтын жамандықты бар кезде де тоздыруға ұмтылу, жақсылықтың қысқа ғұмырын ұзартуға тырысу - пенденің емсе, азаматтың әрекеті болса деу - арманым ғана. Осы арманды кеудеме егіп, өнегесін өсиеттеп кеткен Шәкем-Шахминам ғана.

* * *

Бүгін 5-тамыз - Шәкем екеуміздің керегемізді жайып шаңырағымызды көтергенімізге тура 56 жыл толды. Амал не, мен аяулы Шәкеммен соның 55 жыл, 355 күн, 16 сағатын бірге өткізіппін.

Мейірімсіз тәжтажал Шахминамды да, мені де ақсиған аранына қыстырып алып, өмір мен өлім арпалысын кештірді ғой. Қайтейін, қу тағдыр мені бері сүйреп, Шахми-

намды әрі итеріп, шыбын жанымды шырқыратып, күйретіп кетті ғой.

Кеше ғана біз сондай бақытты едік-ау.

Сүйініші мол тірліктің күйініші ізімді аңдып тосып тұрғанын білмедім-ау, білмедім.

27-маусымда театрда өткен мерейтойлық кешімді:

Шахмина, қалқам,
Тұрғаным менің ән сап,

Сенің арқаң - деп жан жарыма мәңгі таусылмас махаббаттың ақтық лебізін айтқандай болыппын-ау. Сол сәтте Алгүл жүзіңнің ырзалық толы қарасын, алақанымда жатқан алақаныңның ыстығын қалай ұмытармын, Шәкем-ау, Шахминам-ау!

Сен 60-қа толған күні мен асып-тасып күліп тұрып та, жылап тұрып та оқыған өлеңіме риза болып, жымия түсіп, маңдайыма ерніңді тигізгенің есінде ме, Шахминам?

Кідірмейді ай мен жылдар дүрмегі,
Сүйрей берді екеумізді ілгері.
Өзге түгіл өзіңді де ұмытып,
Келесің сен аялаумен бір мені.

Сыры кетіп,
Өзгерсе де сәніміз,
Баяғы сол ғашықтармыз әлі біз.
Қос жүректе шырқалады әніміз,
Қос кеудеде бір түнейді жанымыз.

Сүйеу болып бірімізге біріміз,
Бұл Дүниеде асқақ әрі іріміз.
Еңкейсек те шашылмайды гүліміз,
Еңкеймейді аспандаған күніміз.
Іңгәмізбен басталып ед әніміз,
Жалғастыра берейікші әлі біз.
Шықса шықсын бір-ақ күнде жанымыз,
Бір қабірде қалсын бірге тәніміз.

Ғашық оты жүректерді
жандырып,
Өтейікші бар ғұмырды ән қылып.
Қалайықшы кейінгі ұрпақ есінде,
Махаббатқа ескерткіш
боп мәңгілік.

Қайтейін-ай, Қайтейін. Бір-ақ күнде сенімен бірге шықпады шырқыраған шыбын жаным. Бір қабірге көмілмеді-ау тәніміз.

Сен мені жаныңнан да артық жақсы көретінсің. Алақаныңа салып аяладың. Жұбайым деп мәпеледің. Баландай еркелеттің.

Маған қылтамақтан ота жасап, шалажансар күйде жатқанымда бірде медициналық энциклопедияны ақтарып, бірде диета сақтаудың анықтамасына үңіліп, түнгі екі, үшке шейін көз ілмеуші едің-ау. Қолыңның емінен, жүрегіңнің лебінен сауығып, иығыңа иығымды жанастырып отыруға жарап едім-ау... Сондағы көншіген көңілімнің ықыласын тағы бір тыңдашы, Шәкем менің.

Демеушім-ау, жебеушім-ау,
жұбайым,
Мен жыласам, шаттықтан
тек жылайын.
Өзің бар да жас баладай мәпелер,
Нұрға толып өте берер жыл-айым.

Жұбайым-ау, сыңарым-ау,
сұлуым!
Сап тиятын жүрегімнің ұлуын.
Сипап тиер алақаның жаныма
Құя берсін Бар әлемнің жылуын.

Болашаққа бірге аттап өтейік,
Ақ арманға қол ұстасып жетейік.
Ауырса да жанымыз бен тәніміз,
Махаббатты ауырмастай етейік!

Махаббатты ауырмастай ете алмадым, Шәкем-ау. Сұм ажал сені жұлып әкетті. Артыңда еңіреп, езіліп мен қалдым. Сыңарынан айрылған аққудай жетімсіреп қалдым.

Адасып қалып Төле би,
Айтық, Қазыбектен,
Жұмылды көмей, бұркырар
сөз бен саз төккен.
Барады алып тәжтажал
сүйреп тозаққа,
Қапталда қалып, бәйшешек
гүлді наз көктем.

Қос тесік көзде үңірейген
мышқау үреймен,
Салпақтап ердім соңынан
денем құрысып.
Ақыл-ой қашып, сана да,
ес те сілейген,
Кірпіктен жаным тамшы боп
тұнып тұр ұшып.

Бүріп кеп алды темір
шеңгелді бір дүлей,
Кеміріп жатыр ішімді
кеулеп үңгілей.
Ғаламнан сені бөлектеп
жұлып әкетті,
Сұмдықтан да өткен сұмдық-ей.

Табанда Жерім,
Үстімде сауыт көк Аспан,
Жамылған кезде қазақ ем тегі,
кегі асқан.
Айрылып қалып жанымнан да
артық Шәкемнен
Жетім боп зарлап,
Жалғыздық көрдім Алаштан.

Қанымды шаштым,
сасық Әлемге әтір ғып,
Қарғыдым құздан
өмірге жасап кәпірлік.
Тәңір бар екен, қағып кеп
алды-ау жанымды,
Қымбат ең қандай о, Тірлік!
Сұмдық ең қандай о, Тірлік!

* * *

Аз ба, көп пе адам ғұмырының ұзын жолында ащысын да татып, тәттісіне де тұшынып, қызығында тойлап, шыжығында шырылдап жүріп, қыл-аяғында бәрімізге ортақ қос адым қара жердің қуысына, мәңгілік жұбайыңның қасына жантая кетесің.

Кеңсайдағы Шәкем басын қызыл гранитпен көмкеріп өңдеп, басына қара граниттен қойған құлпытасына:

"Ақ маңдайлым, аққұсым,
аққөйлектім,
Шемендетіп шеріңмен
шеткейлеттің.
Жалғыз самғап ғарыппқа
сен кетпесең,
Жүрер ек қой ішінде
бақ, бейнеттің.

Аққөйлектім, аппағым,
ақ білектім,
Аққу еткен өзіңді бақ тілеп күн.
Қос кеудеде соғатын бір жүректі
Қарғысы ма айырған жат тілектің".

***Софыян***

- деп жазғызған едім.

Мәңгілік махаббатым болып, жаныма жаны араласып, жүрегіме жүрегімен сіңіп кеткен жұбайымды, Шахминамды сағынған көңілімнің қақпасын тілектес болған оқырмандарыма басымды ие ырзалық танытып, баяу-ла-а-тып жаба берейінші енді.

Баршаңа уәссалам!

***(Соңы.)***



**//Жалын, 2022.- желтоқсан (№12).-39-53 б.**